## Жауынгерлік қару мен патрондардың импортына рұқсат беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 10 маусымдағы N 546 қаулысы

"Экспорттық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 18 маусымдағы Заңына және "Қазақстан Республикасында тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) экспорты мен импортын лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 30 маусымдағы N 1037 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Victory LTD" ЖШС мен "Аспап жасау конструкторлық бюросы" мемлекеттік біртұтас кәсіпорны (Тула қаласы, Ресей Федерациясы) арасында жасалған 2003 жылғы 28 ақпандағы N KBP 6156120909 келісім-шартқа сәйкес "Victory LTD" ЖШС-ға жауынгерлік қару мен патрондар импортына рұқсат берілсін.

2. Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен "Victory LTD" ЖШС-ға қосымшаға сәйкес номенклатура мен сан бойынша жауынгерлік қару мен патрондардың импортына лицензия берсін.

3. Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі Қазақстан Республикасының кеден заңнамасында белгіленген тәртіппен жоғарыда көрсетілген өнімді бақылау мен кедендік ресімдеуді қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 10 маусымдағы N 546 қаулысына қосымша

## "Аспап жасау конструкторлық бюросы" мемлекеттік біртұтас кәсіпорнымен 2003 жылғы 28 ақпандағы N KBP 6156120909 жасалған келісім-шартқа сәйкес "Victory LTD" ЖШС импорттайтын тауарлардың номенклатурасы мен саны

| Р/с N | Тауардың атауы | Өлшем бірлігі | СЭҚ ТН коды | Саны | Бір дана үшін бағасы АҚШ долларымен | Құны АҚШ долларымен |
|---|---|---|---|---|---|---|

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | ВСК-94 9 мм мергендік винтовка | жиынтық | 930100000 | 11 | 1400 | 15400 |
| 2 | ПКН-03 мергендік оптикалық қарауыл | дана | 9305900100 | 1 | 3000 | 3000 |
| 3 | Дыбыссыз ату аспабы бар ПП-90М1 9 мм тапанша-пулемет | жиынтық | 930100000 | 70 | 560 | 39200 |
| 4 | СП-5 9 мм патрон | дана | 930621000 | 26680 | 2,9 | 77372 |
| 5 | СП-6 9 мм патрон | дана | 930621000 | 5600 | 2,9 | 16240 |
| 6 | Тесу қабілеттілігі жоғары оқтары бар 9х19 мм тапанша патрондары (ПБП) | дана | 930621000 | 20000 | 0,5 | 10000 |
| | Жиыны | | | | | 161212 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК